

СОЛ КІТӘБІ ҚАЙДА ЕКЕН?..

Ие, басынан бастайын. Тәуелсіздіктен кейінгі ала-көбең кезең. Жартылай ашқұрсақ болсақ та, ел-жұрттың көңілі көтеріңкі. Бұған дейін саясат бұғауында болған ел билеген хандарымыз, қол бастаған батырларымыз, сөз бастаған жырауларымызды жаппай түгендеп, ұлан-асыр той көбейген шақ. «Той – халықтың қазынасы» деп білетін қазақ ешқашан да тойды көпсінген емес. Сол тұста халықаралық ең беделді ұйым ЮНЕСКО қолдап, Абайдың 150 жылдығы да дүбірлетіп кеп қалды. Енді, бұған дейінгі өткен тойлар бір бөлек те, бүкіл адамзаттың ойшылы атанған Ұлы ақынның тойы бір бөлек қой. Үкіметтік деңгейде қолға алынған дайындық шараларына ғалымдар өз зерттеуін ұсынып, өдебиетшілер ақынның шығармаларын қайта бастырып, қаламгерлер естелік жазып дегендей, мерейтойға әркім шама-шарқынша үлес қосуға атсалысып жатты. Мамырдың мамыражай күндерінің бірінде, студент кезден бірге келе жатқан досым, жас ұстаз, аудармашы Мақсұтхан Жақыпов телефон шалды: «Ауылдан әкем келіп еді, өзіңде бір шаруасы бар екен. Менің жатақханама соғып кетсең қайтеді?».

